

"Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясы үшін технологиялық және машина жасау жабдықтарын сатып алуға шетел кредиттерін тарту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 13 қазандағы N 1164 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбындағы және мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚРМК-нің 1995.03.17. N 282 Қаулысымен.

"Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясы үшін технологиялық және машина жасау жабдықтарын сатып алуға шетел кредиттерін тарту жолымен Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясының "МАН ТАКРАФ Фердертехник Гмбх" неміс фирмасымен 93220800 неміс маркасы сомасына технологиялық және машина жасау жабдықтарын беруге жасалған шарттары ма қ ұ л д а н с ы н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚРМК-нің 1995.03.17. N 282 Қаулысымен .

2. "Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясы:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісіне жобаның валютамен өтелуін растайтын қажетті құжаттар мен кепілдемелер ұсынсын;

- "Гермес" сақтандыру компаниясына, банкіге қызмет көрсететін комиссияға аванс, сақтандыру жарнасын, сондай-ақ комиссияға жобаны бағалау сарабын жасағаны үшін проценттер төлеуді және негізгі қарыздарды өтеп отыруды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасының Экспорт-импорт банкісі:

шарттық негізде шетел мамандарын қатыстыра отырып жобаны бағалау с а р а б ы н ө т к і з с і н ;

1992 жылдың 7 қыркүйегіндегі бас кредит келісімінің шарттарына сәйкес Берлинер Банкісімен жалпы сомасы 79237680 неміс маркасына қатысты уақыт туралы Герман жағының талаптарын ескере отырып жеке келісімдер жасасын.

Төлемдердің жасалмай қалу қаупі туған жағдайда Қазақстан

Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісіне қарыздарды өтеуді камтамасыз ету жөнінде кредит желісін тоқтатуға дейін қажетті шаралар қолдануға рұқсат етілсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған жобаға Қазақстан Республикасының кепілдігін берсін.

5. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі "Қарағандакөмір" мемлекеттік холдинг компаниясының кредиті бойынша қарыздардың дер кезінде өтелуіне бақылау жасасын және осы кредитті қайтару жөнінде өз кепілдіктерін берсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-министрі